

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Тарих, экономика және құқық факультеті
«Есеп және қаржы» кафедрасы

Тақырыбы: Аудит түсінігі және оның мазмұны.
Аудит принциптері

мамандығының

А.

Орындаған: «Есеп және аудит»

09405 топ студенті Ерболатова Г.

Тексерген: аға оқытушы Мустафина А.С.

Орал қаласы

2016 жыл

Мазмұны:

1. Аудиттің пайда болуы және оның даму кезеңдері;
2. Аудит функциялары мен объектілері, пәні;
3. Аудит тәсілдері, қаржылық есептілікті құру және ұсынуға талаптар;
4. Аудиттің ұйымдастыру әдістемесі;
5. Аудит стандарттары және кәсіби тәртібі;
6. Аудиторлардың кәсіби этикалық кодексі;
7. Аудит түрлері және олардың сипаты;
8. Аудит постулаттары және конценциясы, компоненттері, принциптері.

«Аудитор» латынның «audio» деген сөзінен шыққан, яғни ол «тыңдап тұр» деген мағынаны білдіреді. Шаруашылық жұмыс барысында тиісті мәліметті тексеруші немесе бақылап-басқарушы тыңдаушы болған. Сондықтан ерте заманда «аудитор» - «тыңдаушы» дегенді білдіретін, яғни қандай да бір нәрсені тыңдайтын адам. Ол адам қызмет барысында аудитор деп аталынған.

Орта ғасырдың соңғы жылдарына дейін барлық елде әріп танытын және жаза алатын адамдар өте аз болғандықтан, **аудитор** деп – лауазымды қызметкерлердің қорытынды есебін тыңдауға тиісті қызметкерлерді «аудитор» деп атаған. Бір қызығы сол ерте кездерде адамдар аудитор қызметінде есеп берудің жазбаша түріне қарағанда ауызша түрінде мәлімет есеп беруін артық санаған. Өйткені кез-келген жазба құжатты қолдан әр түрлі етіп жазуға, өзгертуге болады деп түсінген. Ал ауызша есеп мәлімет беруде көзбе-көз отырғанда есеп беруші

Аудит мамандарын шет елдерде әр түрлі атайды. Мысалы, **АҚШ-та** олар қоғам бухгалтері, **Англияда** – ревизор, **Францияда** – бухгалтер-сарапшы немесе есеп комиссары, **Германияда** – шаруашылық басқарушысы және тағы басқадай деп те атайды. Айтылуындағы өзгешеліктеріне қарамастан олардың барлығы бір ғана мақсатпен жұмыс істейді. Шаруашылық қызмет жасаушы субъектілердің бухгалтерлік қорытынды есебін тексеру, оның ішінде қаржылық деңгейін тексеріп анықтау ерекше орын алады. Аудитордың ең негізгі мақсаты сол тексеру нәтижесіне тұжырым жасау арқылы аудиторлық қорытынды жасау.

Аудитке қажеттілікті тудыратын объективтік жағдайлар:

- инвесторлар мен кәсіпорын әкімшілігінің бір-біріне сенімсіздік көрсетуіне байланысты. Себебі, олардың мүддесі бір емес. Әсіресе кәсіпорын әкімшілігі өз пайдасына тиімді түрде есеп жүргізуі мүмкін;
- кәсіпорын әкімшілігінің ақпарат көрсеткіштері дұрыс болмаса, соған сәйкес шаруашылықты басқару шешімі дұрыс болмауынан;
- кәсіпорын әкімшілігінің арнайы білімі болмауы мүмкін;
- кәсіпорын шаруашылығының күрделігіне сәйкес «коммерциялық құпияны» сақтауға байланысты есепке алынған мәліметтердің дұрыс

Аудиттің көп ғасырлық өзіндік тарихы бар. Арнайы аудитты зерттеуге арналған әдебиеттерде оның пайда болу кезеңдері әр түрлі анықталады. Мысалы, шет елдерде шығатын Контроллинг журналында мынандай мәліметтер келтірілген: тарихи жазбаларға сүйенсек, Қытай мемлекеті дүние жүзінде бірінші болып аудиторлық қызметті құрған ел. Ежелгі Қытай жазбалары біздің эрамызға дейін 700 жылдың өзінде-ақ Бас Аудитор қызметінің болғанын көрсетеді.

К.А.Угольниковтің пікір бойынша: «аудит 200 жылдан астам уақыттан бері бар. Оның пайда болуының түп-тамыры кәсіпорынды басқарумен тікелей шұғылданатындар мен оның қызметіне инвесторлардың көзқарастары арасында бөліну туындаған уақытқа кетеді. Осы уақытта акционерлік қоғамдар пайда болып, аудитор (ревизор) сыртқы есеп берудің қоғамдық бақылаушысы ретінде орталық орында болуында» - дейді.

Қазақстан Республикасында аудит фирмасы алғаш рет 1990 жылы Қазақстан Кеңес өкіметінің Министрлер Кеңесінің қаулысы бойынша құрылды (15.11.1990ж. №60). Осы қаулы негізінде Республиканың Қаржы Министрлігі жағынан шаруашылық есеп принциптерінде аудит орталығы «Қазақстан аудит» фирмасы ашылды, ал облыстарда оның территориялық бөлімшелері құрылды. 1992 жылдан бастап дербес акционерлік компания болып Республикамыздағы барлық түрдегі меншіктегі кәсіпорындарға, мекемелерге аудиторлық қызмет көрсетіп отыр.

Қазіргі кезде біздің елімізде Еуропалық «үлкен алтылық» тобының филиалдары жұмыс істейді. Сонымен қатар, біздің елдің аудит фирмасы да қосылып аудит жұмысын жасайды. Соның салдарынан аудит қызметінде тағы басқадай қызмет

Аудит дегеніміз – кәсіпорынның табыстылық есебін тексеріп, онда көрсетілген шаруашылық табыстылық көрсеткіштерінің дұрыстығын анықтап, сонымен қатар бухгалтерлік есебін, қаржысын, салық заңдарын, банк және әлеуметтік есеп процесін келісім-шарт бойынша кәсіпкер ретінде тексеріп арнайы төлем арқылы қызмет көрсету.

Аудит – ол табыстылық отчетін немесе соған қатысты объектілер туралы мәліметтерді арнайы қорытынды жасау үшін дербес тексеру жүргізу.

Аудит – ол шаруашылық, табыстылық операцияларының заңдылығын тексеріп, әртүрлі меншіктегі кәсіпорындардың бухгалтерлік есебі мен отчетының дұрыстығын анықтап, арнайы төлем арқылы бақылау тексеру, түсініктеме беру, сараптау қызметін көрсету.

Аудит пәні және объектілері олардың алдына қойылған мақсаттар және міндеттер арқылы анықталады. **Аудит пәні** дегеніміз – шарт бойынша және келісім арқылы тәуелсіз эксперттік негізде және бухгалтерлік есепті талдау т.б. кәсіпорындардың жұмыстарының дұрыстығын, анықтығын анықтай отырып, оған толық түрде объективті баға беру, сонымен қатар ішкі аудиттің тексеру жүйелерінің қабылдаған есеп саясатына, нормативтік актілерге сәйкестігіне көңіл бөлу.

Аудитор – кәсіпкер, табыс табу үшін кәсіпорындарға қызмет көрсетеді. Мемлекет кәсіпорындардың жақсы жұмыс жүргізіп табысты болғанын қалайды, себебі олар салық төлейді, аудит жұмысына күштар болу себебі аудитор тексеру барысында табыстылық ақпаратын тексеріп кәсіпорын қанша табыс тапқанын, қанша салық төлейтінін анықтайды. Ал қажет болған жағдайда аудитор тікелей мемлекеттік салық инспекциясына мәлімет бере алады. Яғни, аудит жүргізілген кәсіпорындарда табыс сомасын жасырып қалу, салық төлемей үшін қылмысқа немесе басқалай әр түрлі жалтарушылыққа жол берілмейді.

Аудитор алдында келесідей негізгі міндеттер тұрады:

1. Кәсіпорынның қаржылық есеп берушілігінің нақтылығын қамтамасыз ету және қаржылық есепті пайдаланушылар үшін ақпараттық тәуекелділіктің деңгейін төмендету;
2. Компоненттік мәліметтерді жинау және бағалау;
3. Кәсіпорынның немесе оның жеке түрлерінің экономикасын жүйелі және жан-жақты талдау;
4. Кәсіпорын қызметінің оның жарғысына, бизнес-жоспарына сәйкестілігін тексеру;
5. Заңдылықтардың сақталуын, бухгалтерлік есеп, есеп берушіліктердің жүргізілуін және мемлекеттік органдардың шаруашылық субъектінің қаржылық жағдайы туралы нақты ақпаратпен қамтамасыз етілуін бақылау;
6. Алғашқы құжаттарды тексеру;
7. Бухгалтерлік есепті дұрыс ұйымдастыру және жүргізуде клиенттерге консультациялық қызметтер көрсету;
8. Клиенттермен қатынасты нығайту және өсуіне әрекет

Қаржылық есеп беру ұйымның қаржылық жағдайын, оның қызметінің нәтижелері және ол жердегі өзгерістер туралы ақпаратты көрсетеді.

Олар:

- бухгалтерлік баланс;

- шығындар мен табыстар туралы есеп;

- ақшалардың қозғалысы туралы есеп;

- меншікті капиталдың құрамындағы өзгерістер туралы есеп;

- есепке алу саясаты туралы ақпарат және түсіндірмелік жазба.

Аудит мақсаттары тұрғысына қаржылық есеп беруді құру мен ұсынудың негізгі ерекшеліктері және оған қойылатын талаптар келесідей:

- 1) қаржылық есеп беру ұйымның қаржылық жағдайын, қызметінің қаржылық нәтижелерін, ақша қозғалысын және ұйымның меншік капиталындағы өзгерістерді қажетті сенімділікпен көрсетуі керек;
- 2) ұйым сапалық сипаттамаларға жауап беретін ақпаратты қаржылық есеп беруді ұсынуды қамтамасыз ететін төмендегі саясатты даярлауы керек:
 - а) пайдаланушылар үшін орынды шешім қабылдау;
 - б) келесілерді қамтамасыз ететін сенімділік: - ұйымның нәтижелері мен қаржылық жағдайын нақты ұсыну; - оқиғалар мен операциялардың тек заңды нысандарын ғана емес, экономикалық мазмұнын да көрсету; - бейтараптық (түрлі қатысушыларға қатысты объективті); - байқап қарау; - барлық елеулі қатынастарда толықтық.
- 3) ұйым пайдаланушылардың қаржылық жағдайы, қызмет нәтижелері және қаржылық өзгерістері туралы толық және нақты ақпаратпен қамтамасыз етуі керек;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген мерзім ішінде ұйым қаржылық есеп беруді мемлекеттік статистика органына, әр құрылтайшы мен басқа да мүдделі

Аудит жүргізу үшін шаруашылық субъектілері (тапсырушылар) аудит фирмаларымен немесе жеке аудиторлармен аудит шартын жасауы қажет. Қалыптасқан тәртіп бойынша шарт жасаудан бұрын аудит фирмасы немесе жеке аудитор өз тарапынан **міндеттеме-хат** жазуға тиісті.

Аудитордың міндеттеме хаты өзінің тапсырушы алдындағы жазбаша түріндегі беретін өз жауапкершілігін, алдына қойылған міндет-мақсаттарды орындау үшін көрсететін қызметіне анықтама беру. Аудит шартын жасаудан бұрын міндеттеме хатты тапсырушы өз тарапынан зерттеп, жан-жақты талқылап содан кейін ғана міндеттеме хаттың мазмұны ойынан шыққан жағдайда ғана аудит шартын жасауға келіседі.

Міндеттеме хаттың түрі және мазмұны тапсырушы талабына сәйкес әр түрлі болуы мүмкін, онда негізінде төмендегідей талаптар қойылады:

- қаржы есебін тексерудің мақсаты;
- тапсырушылардың мәліметтерінің дұрыстығына жауапкершілігі;
- аудит жұмысының көлемі, ондағы аудитордың жұмыс бабындағы қолданылатын заң құжаттары және ереже-нұсқаулар, нормативтік құжаттар;
- тапсырылатын аудит есебінің, аудит қорытындысының үлгісі;
- жүргізілетін аудит жұмысының бағдарламасы;
- аудит жұмысының төлем ақысы.

- Аудиттің әдістері
 - аналитикалық анықтау-есептеу
 - құжаттау
 - қорытындылау

- Әдістемелік құжаттау әдісі 3 топқа бөлінеді:
 - мәліметтік модельдеу
 - нормативтік-құқықтық жолын анықтау
 - есеп құжаттарын зерттеп, тексеру

Аудиттің стандарты және нормативтері деп «аудит принциптерінің талабына сәйкес аудит қызметін жүргізуге белгіленген ереже-нұсқауларды» айтады.

Өзінің мазмұнына және арналған мақсатына сәйкес аудит стандарты үш топқа бөлінеді:

- 1) жалпы стандарттар;
- 2) жұмыс стандарты;
- 3) ақпарат стандарты.

Аудит қызметінің негізгі **мақсаты** – ол өте жоғарғы деңгейдегі мамандар арқылы аудит қызметін көрсету. Ондай қызмет атқару үшін тек қана білгір маман болып қана қоймай өте мәдениетті, тәрбиелі, әдепті, адал адам болуы қажет. **Этика** деген грек сөзі, оның мағынасы – нағыз тиянақты, әдепті, текті кісі деген түсінік береді. Өз кезегінде адам әдепті болуы үшін тек түсінігінде, білгірлігінде ғана емес оның жан дүниесі, мәдениеттілігі, адалдығы таза адам деген сияқты түсінікке тұратындай адам болуы керек. Этикада мамандардың әлеуметтік көзқарасы да ерекше орын алады.

Аудитордың алдына қойылатын талап-міндеттер:

- біліктілік комиссиясына емтихан тапсыру арқылы өзінің білімін, мамандығын жетілдіру;
- шаруашылық субъектілерінің экономикалық жағдайын, жалпы дамуына көмек көрсетіп, олардың қоғамға қажетті өнімді көбейтуге іскерлікпен көмектесу;
- тапсырушылармен жұмыс барысында сыпайы және әділетті қарым-қатынаста болу;
- ұжымдағы қызметкерлермен сенімді, сыйлы қатынаста болу;
- өз мамандығының беделін жоғары ұстау және қоғам алдында өзінің беделін көтеру;
- келісім-шартта кәсіпорын басшыларының тізімін көрсету қажет, аудит қызметі барысында уақытылы хабарласып, мәлімет беріп отыру.

Аудиттің түрлерін зерттеудің методикалық жағының өте зор маңызы бар. Өйткені аудитті қандай түрлерімен жүргізу және олардың әрбір жағдайларда тигізетін әсерлерін анықтау қажет. Осыған орай аудит төмендегідей түрлерге жіктеледі:

- **Субъектілер бойынша** – ішкі және сыртқы;
- **Зандылығы бойынша** – міндетті және бастамашылық;
- **Объектіні аудиторлық жұмыспен қамту бойынша** – толық және ішінара.

Аудиттің міндеті – қаржы есебін төмендегідей бағыттары бойынша тексеру:

- Есептердің дұрыстығын, анықтығын растау;
- Тексеру кезінде есеп пен отчетта көрсетілген шығындардың, табыстардың қаржы нәтижелерінің қорытындысының анықтығын, дұрыстығын, толықтығын және дәлдігін тексеру;
- Бухгалтерлік есепті жүргізуде олардың заңдар мен нормативтік құжаттарға сәйкестігін және отчеттардың жасалуын, активтерді, міндеттемелерді және меншік капиталды бағалау әдістемелерінің дұрыстығын тексеру;
- өзінің негізгі және айналым қорын дұрыс пайдаланудың арқасында келешектігі резервтерді анықтау.

Аудит қызметінің **қажеттілігі** төмендегі жағдайларға байланысты пайда болды:

- Пайдаланушылардың өздеріне қажетті ақпаратты әкімшіліктер жағынан дұрыс мәліметтер бермеудің нәтижесінде пайда болған дау жайында;
- Ақпараттың сапалығы жөнінде қабылдаған шешім тәуелділігінің әсері;
- Ақпаратты тексеру үшін арнаулы білімнің қажеттілігі;
- Сапасын анықтауға ақпарат пайдаланушылардың мүмкіншілігінің жоқтығын.

Әр түрлі ғалымдар мен маман-практиктердің көзқарастарын жан-жақты зерделеу арқылы ғылыми негізделген **постулаттар** болып мыналар саналады:

1. қаржылық есеп берулер мен қаржы мәліметтері тексерілуі мүмкін;
2. мүдделердің қайшы келіп қалу ықтималдығы;
3. верификацияның (қандай да бір нәрсенің дұрыстығын тексеру) мүмкіндігі;
4. есептеме дұрыс жасалмаған;
5. егер қаржылық ақпаратты тексеру тәуелсіз пікір білдіру мақсатында орындалса, онда аудитордың қызметі оның өкілеттігімен реттелінеді;
6. қате қорытынды жіберіп алудан ешкім де тыс емес;
7. аудитордың пікірі оның мүдделеріне тәуелді;
8. есеп беру мәліметтерінің объективтілігі ішкі бақылаудың тиімділігіне тікелей пропорционалды;
9. әрбір тізбекті тексеру өткен шақтағы тексерулердің құндылығын кемітуі және әрдайым ақпараттылығы аз болады;
10. аудитордың әрбір пайымдауы белгілі бір деңгейде иландырады;
11. бұрынғы (алдыңғы) ақпараттың құндылығы;
12. жалпы қабылданған бухгалтерлік принциптерді ұдайы сақтау.

Аудиттің маңызын анықтау шеңберінде олар төмендегідей негізгі **компоненттердің** қажеттілігін анықтау қажет. Оларға жататындар :

1. шаруашылық жүргізуші субъектілер;
2. ақпараттар;
3. аудиторлардың кәсіби мамандылығы;
4. материалдарды жинау және оларды бағалау;
5. стандарттар мен критерийлер(белгілер);
6. аудиторлық есеп беруді жасау.